

Сабақтың тақырыбы:

С.Аронұлы

*“Жақсы мен жаман адамның
қасиеттері”*



Үй тапсырмасы:

Д. Бабатайұлы

“О, Ақтан жас, Ақтан жас”



**СҮЙІНБАЙ
АРОНҰЛЫ**

Сүйінбай Аронұлы-
қазақтың әйгілі
ақыны, айтыс
өнерінің майталман
жүйрігі. ХІХ
ғасырдағы айтыс
өнерінің жарқын
жұлдызы, әлемдік
даңқы бар
Жамбылдың ұлы
ұстазы.

Сүйінбай Аронұлы

1815 жылы Қарақыстақ
ауылында дүниеге келген

Әкесін Нарон Рашидтың
есімімен атаған

Ұлы жүз, Шапырашты
тайпасы, Екей руы

Нағашы атасы Қабан
Жетісудағы ақындықтың,
жыраулықтың ірі өкілі

Арғы атасы Күсеп- батыр,
ақын, шебер қобызшы.

1898 жылы дүниеден өткен.



РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

Тобыл

ПЕТРОПАВЛ

ОРАЛ

КОСТАНАЙ

Есіл

ПАВЛОДАР

КӨКШЕТАУ

АСТАНА

АҚТӨБЕ

АТЫРАУ

Жем

Торғай

ТЕҢІЗ көлі

Ертіс

ӨСКЕМЕН

ҚАРАҒАНДЫ

Зайсан көлі

КАСПИЙ теңізі

АҚТАУ

АРАЛ теңізі

Сырдария

ҚЫЗЫЛОРДА

Сарысу

БАЛҚАШ көлі

ҚЫТАЙ

ТАЛДЫҚОРҒАН

Іле

ҚАПШАҒАЙ бөгені

ТАРАЗ

АЛМАТЫ

ТҮРІКМЕНСТАН

ӨЗБЕКСТАН

ШЫМКЕНТО

ШАРДАРА бөгені

ҚЫРҒЫЗСТАН

ТӘЖІКСТАН

**Батыр елден шығады,
Ұрандап жауға шабатын.
Ақын елден шығады,
Айтыста шалып жығатын.**

С.Аронұлы



**Сүйінбай он жасында қалды жетім,
Жылаумен секпіл басқан екі бетін.
Жетімді жетілдіріп, жүйрік еткен,
Алланың көрмеймісің күдіретін.**

Қожахмет Тұрлыбайұлы

***Сүйінбайдың 13-14 жасында шығарған “Түс”
деген өлеңінде:***

*Атыңнан айналайын Қызыр бабам,
Түсімде таңға жуық келді маған.
Білмеймін “өлең”-деді, “көген” – деді,
Сайрауық құстар келіп төнді маған.
Менің тұр қолды-аяққа тұрғым келмей,
Қойды ғой қойыңа да қырғын келмей!
Аузымнан түйдек-түйдек шыққан сөзді,
Не дейін сөз кестесі – өлең демей?!
Сен маған рұқсат бер, Шүйбек байым,
Әйтеуір тегін емес, Сүйінбайың.
Жын соқты ма, білмеймін, таңертеңнен
Көңілім ұйқы-тұйқы құйындайын...*

*Сүйінбай поэзиясы арқылы қазақтың айтыс
өнерінің өрісі анағұрлым ұзарып биіктеді,
тақырып аясы кеңейіп, әлеуметтенен түсті.*

**□ Сүйінбай – айтыс өнерінің
алтын діңгегі.**

**М.
Әуезов**

- С. Аронұлы ақындығының тағы бір қыры – шешендігі. Ол жайлы П.Кузнецов: “Екейден шыққан Аронұлы Сүйінбай ұлы жүзде теңдесі жоқ ақын саналатын. Оны айтысып та ешкім жеңіп көрмеген десетін. Ақын оның үстіне рулар арасындағы небір қиын дауға төрелік айтып, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ақылгөй адам,”- депті.

- Сүйінбайдың тағы бір ерекше айтысы-қырғыз ақыны Қатағанмен болған сайысы.
- І.Жансүгіров осы айтысты алғаш құрастырып, 1935 жылы “Сүйінбай ақын” жинағында жариялаған.



Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай.
Айттың маған ақылды,
Жырла деген батырды,
Есімде мәңгі сол қалған,
Ақындардың ақыны,
Айдын көлдей ақылы,
Жыр тұлпары Сүйінбай,
Осылай айтқан бағызы.

Жамбыл

□ *Заманымыздың ұлы ақыны
Жамбыл өмір бойы
Сүйінбайды пір тұтып:*

*Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай,
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай,-
деп жырлаған.*




Сүйінбайдың
Жамбылға
бата беруі.

Суретті түсірген Жарылқап ҚАЛЫБАЙ

Жамбыл ауданы,
Қарақыстақ ауылының
үстіндегі Сүйінбай
Аронұлының кесенесі.

✓



- Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,*
- Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.*
 - Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,*
 - Көреді бәрін де өз баласындай.*
 - Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,*
 - Қыранның қырдан байқар баласындай.*
 - Жақсы парқы жаманмен бірдей емес,*
 - Жақсы жігіт сеңсең тонның жағасындай.*
 - Жақсының сөзін әркім пайдаланар,*
 - Миуалы алма-өріктің ағашындай.*
 - Жаманның көкірегі көр, көзі соқыр,*
 - Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай!*
 - Нышаны кем болса да адамдықтың,*
 - Әркім жүр жақсымын деп таласып-ай*
 - Жамандар өтірікші, өсегі көп,*
 - Ел-жұрттың іріткі салар арасын-ай.*
 - Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,*
 - Жанбай қалған ағаштың шаласындай.*
 - Соқтығып әркімге ұрынады,*
 - Сиырдың тентек болған танасындай*
 - Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,*
 - Жылықының қотыр болған аласындай.*

Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,
Халқының қалың жүнді көрпесіндей
Жақсы болар баланың жүзі жылы,
Орыстың күймей піскен бөлкесіндей.
Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумайтұғын өркешіндей.
Жақсыға үлкен- кіші бәрі жақсы,
Жасынын бірге өскен еркесіндей.
Жақсы кісі көрінер жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұңғысындай.
“Олақтан салақ жаман” деген мақал,
Жамандар түзей алмас тұрмысын-ай
Жақсы адам жатты да жақын етер,
Беттескен екі таудың тұрғысындай.
Жамандар өсек- аяң айтып жүрер,
Өзінің білмегенсіп қылмысын- ай

□ Асан қайғы

*Ағайынның ішінде
Бір жақсысы бар болса,
Қаумалаған көп жаман
Сол жақсыны көре алмас.
Жамандардың басына
Қиын-қыстау іс түссе
Қос арғымақ қолға алып,
Сол жақсыны күнінде
Күні-түні іздесе таба алмас*

Ақтамберді жырау

*Білімді туған жақсыға
Залал қылмас мың қарға.
Жаман туған жігітке
Рахатты күн бар ма?
Өз мінін білген жігіттің
Тәлімінде мін бар ма?*

Байқампаздық

Адамның қасиетіне баға
беру

Өлеңдердегі
ұқсастықтар

Салыстыру

Айтқан ұшқыр ойы

Сөзмаржсан

- Әмме жұрт – барша, барлық, күллі*
- Парық – парқы 1) бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы, айырмашылық, ерекшелік. 2) бір нәрсенің қадір-қасиеті, мән-жайы, жай-жапсары. 3) белгілі бір істің байыбы, пайымы.*
- Сеңсең тон – марқайған қозының қырқылмаған өскелең жүн терісінен тігілген тон.*
- Миуалы ағаш – жемісі бар ағаш*
- Көкірегі көр, көзі соқыр – білімсіз, санасыз*
- Іріткі салу – алауыздық тудыру, шырқын бұзу*
- Ағаштың шаласы – отынның толық жанып бітпеген қалдығы*
- Тана – екі жасқа жетпеген торпақ тайынша*
- Серке – ел ағасы, беделді азамат*
- Бөлке – пеште пісірілген төртбұрышты нан*
- Балтаның ұңғысы – балтаның сабына киілетін қуыс жағы, қуысы*

- ▣ *Оқулықпен жұмыс*
- ▣ *Әр оқушы өлеңді оқып, дәптерлеріне мәтіннен жақсы және жаман қасиеттерді теріп жазады.*

□ Жақсы қасиеттер

- Жүзі жылы, сөзі майда,
- сөзіне сақ тұрады, елінің
-
- ағасындай, ешкімді
- жатсынбайды

Жаман қасиеттер

көкірегі – көр, көзі - соқыр
өтірікші, өсегі көп,
ұрыншақ,
ешкімге сүйкімі жоқ.

□ Теңеу – затты тура мағынасында емес, ауыспалы басқа мағынамен салыстырып айту. Теңеу жасайтын:

-дай,-дей,-тай,-тей,-ша,-ше,-дайын,-дейін жұрнақтары мен “секілді” сияқты сөздерді қосу арқылы жасалады.

□ Мысалы:

Жолбарыс-ша жорыттым,
Етіне құлан тоям деп...

Арыстан-дай айбатты
Жолбарыс-тай қайратты

□ *“Жақсы мен жаман адамның қасиеттері”
өлеңіндегі теңеу сөздерді мәтіннен тауып
көрейік.*

**Аллитерация- өлең тармақтарының кілен
біркелкі дауыссыз дыбыстан басталуы.**


Мысалы:

**Топтан озған тарлан боз ,
Тұрысынан айрылса,
Тасты басып тұралмас...
(“Ұл туса” , Махамбет)**




*Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.*

*Бұл шумақ 4 тармақты, 3 бунақты, 11-12
буынды, қара өлең ұйқасына құрылған.
Бірыңғай дауыссыз дыбыстың
қайталануы, аллитерация бар.
Теңеу: ел жұртының қаласындай, әмме
жұрттың анасындай.*




**Жақсы мінез – бүкіл
өміріңнің сарқылмас
байлығы.**

Х. Досмұхамедұлы



Қорытынды
Жақсы болу өзіңнен,
Жаман болу өзіңнен.
Өзіңді өзің ая да,
Өзің үйрен өзіңнен.
Жақсылық көрсең біреуден,
Мен қандаймын деп ойла.
Жамандық көрсең біреуден,
Мен қандаймын деп ойла.



**Үйге: Өлеңді жаттау
“Жақсы адамға тән
қасиеттер” ой толғау**

